

А-2-93 топ. 02.04.2020

Қазақ халқының
ҰЛТТЫҚ тағамдары

•**Қазақтың дәстүрлі, ұлттық тағамдары.**

•Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған әрі қастерлеген. Қазақ халқы-мейрімді, кішіпейлі, инабатты және **қонақжай халқы**. Қазақ халқының дастарқаны әрқашан мол, бай болады. Онда түрлі көптеген ет, сүт, ұн тағамдары **жасалады**. Халқымыз адам өмірінде тамақтың орнын тіршілікке қажетті құндылықтардың бәріненде жоғары қойған. Бұекен, алтын, күміс тас екен», «асты қорлама құстырар» деген сес, ескертпелер мен ған «астан үлкен емессің», «арпа бидай ас мақал-мәтелдер де куә бола алады.

•**ТАПСЫРМАЛАР:**

•**Мәтін бойынша 7 сұрақ қойыңыз.**

Өздік жұмыстың тапсырмалары(дәптерге жазу.)

I нұсқа

1. тапсырма Мағынасын табу.

1	Таба нан	1	Ашыған сүттен, іркіттен қайнатып, кептіріп жасалады.
2	Қымыз	2	Жылқының майлы, етті қабырғасы.
3	Құрт	3	Табада пісірілген нан.
4	Қарта	4	Жылқының сүттінен жасалған сусын.
5	Қазы	5	Жылқының ішегінен жасалады.

2.Аудармасын табу

1. Ірімшікті дайындау қиын және уақыт керек. 1.Баурсаки жарят в большом количестве жира.

2.Мен қымыз ішуді ұнатамын. 2.Сушеный творог очень сложно и долго готовится.

3. Бауырсақты қазанға мол майға пісіреді. 3. Я люблю пить кумыс.

4. Жентті үгітілген тарыдан дайындайды. 4. Жент готовят из толченого пшена.

Өздік жұмыстың тапсырмалары(дәптерге жазу.)

II нұсқа

1. тапсырма Мағынасын табу.

1	Шұжық	1	Етті қамырдың ішінде пісіреді.
2	Күлше	2	Қуырылған бидайдан не тарыдан түйіп істейді.
3	Бәліш	3	Қуырылған ет.
4	Қуырдақ	4	Жылқының етін ұсақтап, тұрап, тұз, бұрыш, сарымсақ қосып ішіктің ішіне салады.
5	Талқан	5	Ыстық күлге пісірілген нан.

2.Аудармасын табу

1. Біз дәмді қарта пісірдік.
творог

2.Қымыз өкпе ауруын емдейді. 2.Этот посетитель всегда берет
рулет с

3. Біз ірімшік дайындадық.

4. Бұл келуші үнемі бәліш алады. 4. Кумыс лечит заболевания
легких.

1.Мы приготовили сушеный

мясом.

3. Мы сварили вкусный карта



Қазақша ет – біздің халқымыздың құрметті кісіге ұсынатын кәделі әрі орны бөлек тағамдарының ең бастысы-қазақша ет. Қазақтар сыйлы қонақтарға мал басын көрсететін. Қонақтарға табақ-табақ ет тартады. Табақ тарту да үлкен өнер, елге сын. Мұның да ұлттық тәртібімен жөн жоралғысы болады. Әр табақ қонақтың жасына, дәрежесіне сәйкес келуі керек. Осыған орай табақ тарту-бас табақ, сый табақ, күйеу табақ, келін табақ, жастар табағы, жай табақ болып бөлінеді. Бас табаққа бас, жамбас, омыртқа, қазы, қарта, жал, жая сияқты кәделі мүшелер салынады.

Жылқы сөйғанда оның ең шұрайлы әрі бағалы мүшелері халық аузынан суы құрып айтатыны және аңсап жүретіні кәдімгі қазы-қарта, жал-жая. Тамақ берекесі мен беделі де осы аталған мүшелерге тікелей байланысты болады. Семіз қазы, айшықты қарта, майлы қарын, кертпе жал, сары ала жая қазақ мақтанышы ғана емес, денсаулыққа аса пайдалы тағамдар.



Қуырдақ



Әр отбасында қыста соғым сою ежелден қалыптасқан. Ол қыстық азық қана емес ұлттық дәстүр. Қуырдақ соғыммен бірге жасалатын кәделі де дәмді тағам. Оны дайындау да оңай әрі тез піседі. Сұрп еттен, өкпе, бауырдан майлы ішек қарынды араластыра турап пісірілген қуырдақтың қошқыл түсті, тұзды, майыда жүрекке тимейді әрі сіңімді. Жас етті кейде қаймаққа да қуырады. Оны бал қуырдақ дейді. Әрине ол өте жеңсік ас.



Қазақтың ұлттық сұйық тағадары негізінен ет сорпасына түрлі тағамдар қосып жасалады. Сорпа дайындауға қой, сиыр, жылқы, түйе еттері пайдаланылады. Негізінен сорпаға түрлі қолдан кесілген кеспелер, салма, кейде дәнді дақылдар да қосады.



Наурыз тойына ғана тән, көпшілікке арналған мерекелік тағам. Оны әр үй жеті түрлі дәмнен: сүт, ет, су, тұз, тары, құрт, бұршақ тағы сол сияқты тағам түрлерінен жасап, оған қазы, шұжық сияқты сыйлы мүшелер қосып, мерекемен құттықтауға келгендерге ықыласпен ұсынады. Наурыз көженің дәстүрлік, мерекелік ұлттық тағылымы өте зор. Наурыз – тоқшылық күні. Қазан оттан түспейді. Әр үй наурыз көже істейді. Уыз қатырылады. Сорпа сапырылады.

Наурыз көжені халық арасында “тілеу көже”, “көк көже” деп те атайды.

Рефлексия. Бүгінгі сабақта жаңа мәліметтерден не білдік.

Мақал-мәтел

Құтты қонақ келсе, қой егіз табады.

Қонақ қойдан да жуас

Ұй тапсырмасы.

Осы слайдтарды оқып «Қазақтың ұлттық тағамдары» туралы диалог құрастырыңыз

Назарларыңызға рақмет